

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Шоқай Еркінбек Керімбекұлының «Такфиризм идеологиясы: тарихи қалыптасуы және теологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p>	<p>Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымды дамыту бағыттарына, атап айтқанда: «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер», оның ішінде «7.1. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер», соның ішінде «7.1.4. Әлеуметтану, социолінгвистика, саясаттану, дінтану, антропология, этнография, этнология, этносаясат, конфликтология, гуманитарлық география, этносаралық, дінаралық және этноконфесионалдық қатынастардың өзекті мәселелері» және «7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер», оның ішінде «7.2.4. Жалпыұлттық бірлік, дәстүрлер мен діндердің диалогы»; «9. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс», оның ішінде «9.2.4 Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл» сәйкес келеді.</p> <p>«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p>

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертацияда ислам дініндегі «күпірлік» ұғымы жан-жақты зерттелген. Зерттеу барысында күпірліктің анықтамасы, діни ұстанымдағы орны, мақсаты, сондай-ақ «тәкфирлік» құбылысының мәні мен шығу тегін талдап, ғылымға айтарлықтай үлес қосады. Жұмыста теологиялық мәселелердің тарихи және теориялық негіздері жан-жақты талданған. Диссертациялық жұмыста күпірлікке қатысты терминдер, категориялар, күпірліктің сипаттары мен түрлері, тақфир туралы ғалымдардың пікірлері мен түрлі ағымдарға талдау жасалған. Сонымен қатар түрлі ағымдардың адасулары, ұстанымдары мен бүгінгі күнгі идеологиялық салдары, ислам шарифатындағы «ридда» үкімінің шарттары мен муртадтың мәселелері, тәуил принциптері мен қасиетті мәтіндерді тарихи және герменевтикалық талдау тәсілдері, салафиликтің сопылыққа, мәзһабқа, ҚМДБ-ға қарсылығы жанжақты зерттелген болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;	Диссертациялық жұмыстың ізденуші тарапынан жазылған деңгейі жоғары. Диссертант жұмысты өз бетінше ізденіс негізінде жазғаны, тараулар арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық, ойларын тұжырымдауы және

		4) өзі жазбаған.	дәйектемелерді қолдануы жоғары бағаланады. Сонымен қатар, жұмыстың ғылыми стилі, дәлелділігі мен жеткізу тілінің түсініктілігін атап кету керек. Қосымшада эмпирикалық зерттеуде өткізілген әлеуметтік сауалнама сұрақтары берілген. Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай жазылған, мазмұны логикалық және түсінікті етіп ғылыми тілде оқырманға жеткізілген деген пікірдемін.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда өзектілігі ислам дініндегі күпірлік ұғымын жан-жақты зерттеуде айқындалады. Күпірліктің анықтамасы, мақсаты, тәкфиршілдік құбылысының пайда болуы, діни-психологиялық, идеологиялық және саяси негіздері қарастырылады. Діннің ұлттық болмыс пен мәдениеттегі маңызына баса назар аударылады. Қазіргі таңдағы ислам құбылысына қатысты геосаяси, идеологиялық және аксиологиялық мәселелердің өзектілігі айқындалған. Діни экстремизм мен радикализмнің қауіптілігі, «күпірлік-такфир» ұғымының қате интерпретациясынан туындайтын проблемаларды зерттеудің маңыздылығы негізделеді. Осы орайда «күпірлік-такфиризм» құбылысын тарихи, теологиялық, құқықтық және психологиялық тұрғыдан кешенді зерттеу қажеттілігі маңызды. Жалпы алғанда, диссертацияның өзектілігі діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу және қоғамдағы діни сауаттылықты арттыру қажеттілігімен байланыстырылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы зерттеу тақырыбын айқындайды. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Бірінші бөлімде «тәкфирлік» ұғымының пайда болуы, тарихи қалыптасу алғышарттары мен діни-құқықтық негіздері қарастырылады. Бұл бөлім үш тараушадан тұрады. Ал екінші

			<p>бөлімде «тәкфирлік» ұғымының теологиялық аспектілері және Қазақстандағы көріністері зерттелген. Бұл бөлім де үш тараушадан тұрады. Диссертация құрылымындағы әрбір бөлім мен тарауша зерттеу тақырыбын кезең-кезеңімен ашады. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы баяндалады. Бөлімдер мен тараушаларда тәкфирлік ұғымының мәні, тарихи қалыптасуы, теологиялық негіздері, Қазақстандағы көріністері және т.б. аспектілері жан-жақты талданады. Қорытындыда зерттеу нәтижелері қорытындыланады және негізгі тұжырымдар ұсынылады. Осылайша, диссертацияның мазмұны мен құрылымы зерттеу тақырыбын толыққанды ашып, оның ғылыми және практикалық мәнін айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант исламдағы күпірлік мәселелерінің генезисі, этимологиясы, негіздері, шарттары, тарихы, ерекшеліктері, мектептері, көріністеріне кешенді ғылыми талдау жасауды мақсат еткен. Қойылған мақсатқа сәйкес бірқатар міндеттер анықтап, тиісті дәрежеде зерттеу барысында орындаған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасында логикалық байланыс тиісті дәрежеде сақталған. Диссертант тәрфирлік ұғымның категорияларын, сипаттары мен түрлерін, даму тарихы мен критерилерін талдап, екінші тарауда теологиялық аспектілері мен Қазақстандағы көріністерін қарастырған. Алғашқы тараушалардағы теориялық талдауларға эмпирикалық зерттеу нәтижелері байланыстырылған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Диссертант ұсынған шешімдерін мен қорытындыларын түпдеректерге сүйене дәлелдеген. Тәкфирлік ұстанымдарға қатысты түрлі көзқарастарды дәстүрлі қағидалар негізінде сыни талдаған. Герменевтикалық әдісті пайдалана отырып тәкфирлік мәнмәтіндерге исламтанулық және теологиялық жағынан талдау жасау барысында дәстүрлі исламға қайшы келетін ағымдар ұстанымдарын қатерлері мен адасқан тұстарын сыни әдіспен көрсете білген. Зерттеу нәтижелері бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелерге салыстырмалы түрде ішінара жаңа деп баға берілді. Бұның себебі тәкфирлік ұстанымдар бағытында түрлі деңгейлерде зерттеулер бұдан бұрын қазақстандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан жүргізілген. Сонымен қатар, зерттеу барысында қолданылған ғылыми қағидаттар дінтану, исламтану мен теология бағыттарында кең қолданбалы болғандықтан оларды салыстырмалы жаңа деп қарастырылды.</p> <p>Алайда, диссертанттың зерттеу барысында тәрфирлік ұстанымды негіздейтін мәнмәтіндермен және түпнұсқалармен жұмыс жасағандығын әрі елімізде лаңкестік бабы бойынша жазасын өтеуші азаматтар мен «Жусан» бағдарламасымен қайтарылғандар қатарында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерін жеке атап кету керек. Осы тұрғыдан алғанда диссертацияда зерттелген бірқатар ұғымдар, такфиризм феномені, тәрфирлік ұстанымды қолдайтындардың теологиялық-психологиялық портреті,</p>

			райларынан қайтуға кедергі болатын себептері және өзге де шығарылған ғылыми нәтижелерді толығымен жаңа деп есептеуге негіз бар.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қорытындыларының бірқатары жартылай, бірқатары толығымен жаңа деп танылғандықтан жалпы алғанда ішінара жаңа деп баға берілді. Тәкфирлік ұстанымдары мен ерекшеліктері алдыңғы зерттеулерде қамтылған тұжырымдар мен қорытындыларды біріктіргендіктен ішінара жаңа деп бағаланды. Сонымен қатар теориялық зерттеулерден алынған қорытындыларды да жартылай жаңа деп есептедік. Толығымен жаңа қорытындыларға эмпирикалық зерттеу нәтижелерін жатқызуға болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем) .	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік ғылымдар бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері салаларымен байланыспайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде	Диссертациялық жұмыстың әр тарауында көтерілген мәселелер бойынша жасалған негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда нақты дәлелдерге негізделген.

		негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Қорытындылардың басым бөлігі теориялық және диссертанттың оналту бағытында қызмет ету барысы мен эмпирикалық зерттеулер нәтижелеріне негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертация жұмысының қағидаттары тривиалды емес. Зерттеуші қағидаттарды ғылыми тәсілмен жанжақты қарастырып негіздеген.</p> <p>7.3 Диссертация жұмысында жасалған қағидаттар салыстырмалы түрде ішінара жаңа болып саналады. Бірінші қағидатта ғылыми айналымдағы «такфиризм» ұғымы мен феномені қауіпті діни танымдық үрдіс ретінде толық ашықталмағаны айқындалған, екінші қағидатта – тәуил теориясының қазақ даласы үшін тиімділігі айқындалған, үшінші қағидатта – такфиризм бүгінгі зайырлы қоғам үшін қауіптілігі тұжырымдалған, төртінші қағидатта – такфиризм құбылысының кең ауқымды зерттеу деңгейінде тұңғыш рет талданған, бесінші қағидатта – такфиризмге қатысты ұғымдардың мәні анықталған, алтыншы қағидатта – күпірлікпен айыптау, діннен шығаратын амалдар шарифи тұрғыдан анықталды, жетінші қағидатта – экстремизм-радикализм бабы бойынша жазасын өтеушілер мен «Жусан» бағдарламасы аясында елге қайтарылған азаматшалардың көзқарастары, тұжырымдары, ұстанымдары, идеясы, мәзһабтық болмыстары анықталған.</p> <p>7.4 Диссертациялық қағидаттардың теориялық және практикалық қолдану деңгейі «кең». Атап айтқанда, зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді мемлекеттік деңгейдегі экстремизм-терроризмнің алдын алу мен қарсы күрес жобаларын әзірлеумен айналысатын арнайы органдар,</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>түрлі кері бағыттағы ағымдардың өкілдерімен, солардың әрекеттерінен зардап шеккендермен жұмыс жасайтын, такфиризмнің қауып-қатерлерін түсіндіретін мекемелер мен ұйымдар ауқымында кең қолдануға болады. 7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысында әдістемелік таңдау толық негізделген. Зерттеудегі тәсілдер мен талдаулар сапалық әдістер негізінде жүргізілген. Диссертация жұмысында мәнмәтіннен және эмпирикалық зерттеуден алынған дереккөздер кең қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелеріне компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып қол жеткізілген. Зерттеу жұмысында бейнеленген 4 диаграмма соның айғағы болып табылады.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер</p>	<p>Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялық қорытындылар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденіп расталды.</p>

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық тұжырымдар классикалық шетелдік және отандық зерттеушілердің араб, түрік, ағылшын және қазақ тілдегі іргелі еңбектеріне сілтеме беру арқылы негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз .	Диссертант зерттеу жұмысында сала бойынша жарияланған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми әдебиеттерге шолу жасаған. Жасалған шолу тарихи, теориялық, негіздемелік әрі классикалық пен заманауи еңбектерді қамтыған. Оның ішінде тәкфирлік ұстанымның негізін қалаушылардың тарапынан шығарылған еңбектерге жеке тоқталғандықтан диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға өзіндік қосар үлесі бар.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызын жоғары бағалауға лайық. Зерттеу нәтижелері тақфиризм қалыптасуын, ұғымын, алғышарттарын, діни-құқықтық негіздерін, генезисін, критерийлерін, ерекшеліктері мен салдарын терең түсінуге мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижесінде шыққан қорытындылар еліміздегі экстремизм-терроризм алдын алу бағытында жұмыс

		нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ .	жасайтын әрі мүдделі мемлекеттік және қоғамдық мекемелер мен ұйымдар үшін маңызды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жана; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды ішінара жаңа деуге болады. Атап айтқанда, елімізде тәқфирлік бағытты анықтаудағы тәсілдерді жетілдіру қажеттілігі, дәстүрлі матуриди мектебінің ұстанымдары мен принциптерінің маңыздылығы бұдан бұрын өзге зерттеулерде анықталып дәлелденген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациядағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Диссертант теориялық және классикалық мәліметтерді талдауда ғылыми әдіснама мен стилде баяндаған. Диссертациялық зерттеу ғылыми нормаларға сәйкес тілде жазылған. Ғылыми айналымда казак тілінде қолданылмайтын терминдерге жеке түсінік пен аудармалары берілген.

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шоқай Еркінбек Керімбекұлының «Такфиризм идеологиясы: тарихи қалыптасуы және теологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін берілсін.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Дінтану кафедрасының аға оқытушысы,
PhD доктор



М.Н. Смагулов

Қазақстан Республикасының
Е.Н. Гумилев атындағы
ЕУРАЗИАҒА ҚАТЫСТЫҒА
ЕУРАЗИЙСКОМУ НАЦИОНАЛЬНОМУ
УНИВЕРСИТЕТУ
КАДР ҚЫЗМЕТІ

2024. 11. 08